

**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ**  
**8D10102 – «Медицина» мамандығы бойынша философия**  
**докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**докторант Байтерек Бекзат Асқарұлының**  
**«Ересектердегі кардиохирургиялық операция кезінде**  
**жалпы көктамырышшілік және ингаляциялық анестезияны**  
**қолданудың тиімділігін салыстырмалы анықтау»**  
**тақырыбындағы диссертациясына**

Докторант Байтерек Бекзат Асқарұлының диссертациялық жұмысы кардиохирургиялық операциялар кезінде толық көктамырышшілік анестезия (ТКА) пропофолмен және ингаляциялық анестезиямен жүргізілген жағдайларды салыстыра отырып, олардың тиімділігін анықтауға арналған. Зерттеу барысында севофлуран, изофлуран және пропофолдың гемодинамикаға, оттегінің тасымалы мен тұтынуына, сондай-ақ энергия шығынына әсері кешенді түрде зерттелген. Айта кету керек, Қазақстанда кардиохирургиялық операциялар кезінде анестетиктердің гемодинамикаға, оттегі тасымалы мен тұтынуына және энергия шығынына әсерін кешенді түрде зерттеген ғылыми жұмыстар бұрын жүргізілмеген. Осыған байланысты диссертациялық зерттеу өзекті және анестезиология мен қарқынды терапия саласы үшін маңызды болып табылады. Диссертация қазіргі заманғы ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жұмыс аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, жаңа ғылыми мәліметтердің жиынтығын қамтиды, ішкі логикалық бірлігі бар және ізденушінің ғылымға қосқан жеке үлесін көрсетеді. Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар зерттеудің мазмұнын толық ашады. Диссертацияның құрылымы ғылымиметодологиялық талаптарға сай орындалған және ол кіріспеден, әдеби шолудан, зерттеу материалдары мен әдістерінен, алынған нәтижелерден, қорытынды мен тұжырымдардан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер жаңа, статистикалық тұрғыдан сенімді және ғылым мен клиникалық практика үшін маңызды. Жұмыс нәтижелері 5 ғылыми жарияланымда көрініс тапқан, оның ішінде:

- 1 мақала Scopus дерекқорындағы CiteScore бойынша 70-процентиль (Q2) көрсеткішіне ие халықаралық рецензияланған журналда;
- 4 мақала Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық ғылыми басылымдарда;

Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы 3 енгізу актісімен және 2 авторлық куәлікпен дәлелденген. Осылайша, зерттеу тақырыбының өзектілігі, алынған нәтижелердің жаңашылдығы, теориялық және практикалық маңыздылығы тұрғысынан алғанда, Байтерек Бекзат Асқарұлының диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Міндетті түрде қорғауға және 8D10102 – «Медицина» мамандығы бойынша доктор (PhD) дәрежесін беру үшін ұсынамын.

**Медицина ғылымдарының докторы,**  
**профессор, Анестезиология, реанимация**  
**және қарқынды терапия №2**  
**кафедрасының меңгерушісі**  
**Мустафин Алибек Хамзенович**

